**Қызметі эпизодикалық сипаттағы жеке тұлғаларды қосқанда базаларда тауар сататындар үшін біржолғы талондар бағасын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 сәуірдегі № 87 шешімі. Ақтөбе облысының Қобда аудандық Әділет басқармасында 2009 жылдың 20 мамырда № 3-7-67 тіркелді. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 5-05/11 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - ( Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 31.01.2013 № 5-05/11 хатымен).

2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" ҚР-сы Заңының 6 бабы 1 тармағының 15 тармақшасына және 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 99-IV " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы", "Қазақстан Республикасының Кодексін қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабының 6 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Аудан көлеміндегі базарларда тауарлар сататындар үшін біржолғы талондардың бағасы N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қызметтері эпизодикалық сипаттағы жеке тұлғалар үшін бір жолғы талондардың бағасы N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Аудандық мәслихаттың 2005 жылғы 4 сәуірдегі "Біржолғы талон негізінде бюджетпен есеп айырысу тәртібі туралы" N 9, 2005 жылғы 6 қазандағы N 27, 2006 жылғы 28 наурыздағы N 52 және 2008 жылғы 28 наурыздағы N 33 шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімінің орындалуын бақылау жасау Қобда ауданы бойынша салық басқармасы ММ-нің бастығы С. Айжариковқа жүктелсін.

5. Осы шешім аудандық Әділет басқармасында тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат сессиясының төрағасы* *Аудандық мәслихат хатшысы*

*Т. Нұржанов* *І. Қобланов*

Аудандық мәслихаттың сессиясындағы 2009 жылғы 24 сәуірдегі

N 87 шешіміне
N 1 қосымша

## Базар алаңдарында тауарлар сататындар үшін біржолғы талондардың бағасы

| Сауда түрі | Біржолғы талондардың бағасы (теңге) | Мерзімі |
|---|---|---|
| Сөрелерден тауар сату ішінде:<br>- азық түлік тауарлары<br>- өнеркәсіп тауарлары | 100<br>140 | 1 күнге<br>1 күнге |
| Машиналардан тауар сату:<br>- азық түлік тауарлары<br>- өнеркәсіп тауарлары | 500<br>500 | 1 күнге<br>1 күнге |
| Қолдан сату<br>- оның ішінде:<br>- өнеркәсіп тауарлары | 40<br>80 | 1 күнге<br>1 күнге |

Аудандық мәслихаттың сессиясындағы
2009 жылғы 24 сәуірдегі
N 87 шешіміне
N 2 қосымша

## Қызметі эпизодикалық сипаттағы жеке тұлғалар үшін біржолғы талондар бағасы

| Қызмет түрлері | Біржолғы талондардың бағасы (теңге) | Мерзімі |
|---|---|---|
| Қолдан газет, журналдар сату | 20 | 1 күнге |
| Тұқымдар және күшеттер сату | 50 | 1 күнге |
| Жеке және жалға алынған трактор ақылы қызмет көрсету | 300 | 1 күнге |
| Үй жануарларын бағу<br>- Аудан орталығында<br>- Ауылдық жерлерде<br>100 басқа дейін<br>100 бастан жоғары | 100<br><br>30<br>70 | 1 күнге |
| Сыпырғыштар сату | 50 | 1 күнге |
| Орман жемістерін сату | 50 | 1 күнге |
| Балық сату | 70 | 1 күнге |
| Саңырауқұлақтар теру | 100 | 1 күнге |
| Жануарлармен құстарға жем-шөп сату | 500 | 1 күнге |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК